Өндірістік оқытуды есепке алу журналын жүргізу ережесі

1. Журнал өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы есепке алуға және өндірістік оқыту мен кәсіптік практика қорытьшдыларьш шығаруға арналған қатаң есептіліктегі құжат болып табылады.

2. Журналды өндірістік оқыту шебері және (немесе) оқытушы бір оқу тобына жүргізеді және бір оқу жылына есептелген.

3. Журналдағы барлық жазбалар анық және ұқыпты, түзетусіз, көк түсті қаламсаппен толтьфылады.

4. Оқу-өндірістік шеберханалардағы өндірістік оқытуды есепке алу журнальш (№ 6.2 нысан) өндірістік оқыту шебері немесе оқытушы немесе әдіскер немесе практика жетекшісі сабақ өткізілетін күні толтырады. Тақырыптардың атауы және олар бойынша орындалған оқу-өндірістік жұмыстардың қысқаша мазмұны, жұмсалған сағаттар саны жазылады. Білім алушылардың сабақтан себепсіз қалуы «ж» эрпімен белгіленеді.

5. № 6.2 нысанда журналдың оң жақ бетіндегі сабақ тақырыптарының жазбалары арасында бос жол және сол жақ беттегі күндер арасында бос торкөзді қалдыруға рұқсат етілмейді.

6. Журналдың жүргізілуін бақылауды білім беру ұйымының басшысы, директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орьшбасарлары, өндірістік оқыту және кәсіптік практика мониторингін - аға шебер немесе практика жетекшісі жүзеге асырады. Ескертулер мен ұсыныстар журналдың соңьгада тиісті бетте жазылады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда өндірістік оқьггуды есепке алу журналы (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына арналған) тек электрондық форматта толтырылады, оны қағаз нұсқасында толтыру талап етілмейді.